

**Облыс әкімиятының "Маңғыстау облысы әкімиятының Регламентін бекіту туралы" 2001 жылғы 26 шілдедегі N 4 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Маңғыстау облыстық әкімиятының қаулысы 2001 жылғы 29 желтоқсандағы N 71 . Маңғыстау облыстық әділет басқармасында 2002 жылғы 14 қаңтарда N 678 тіркелді. Күші жойылды - Маңғыстау облысы әкімдігінің 2010 жылғы 19 мамырдағы № 191 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы әкімдігінің 2010.05.19 № 191 қаулысымен**

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және құқықтық кесімдердің жобаларын дайындау іс-жосығын нақтылау мақсатында, облыс әкімияты қаулы етеді:

1. Маңғыстау облысы әкімиятының "Маңғыстау облысы әкімиятының Регламентін бекіту туралы" 2001 жылғы 26 шілдедегі N 4 қаулысына төмендегідей өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1 )                    2 5                    т а р м а қ т а ғ ы :

1, 2, 3 азат жолдар мынадай мазмұндағы жаңа редакцияда жазылсын:

"Әзірленген жоба (оған қоса берілетін тиісті материалдарымен бірге) облыс әкімі аппаратының бөлімдері жоба бойынша сараптама жүргізу мен қорытындылар дайындауды ұйымдастыру үшін ұйымдастыру-кадр жұмысы б ө л і м і н е е н г і з і л е д і .

Жоба облыс әкімі аппаратының кеңсесінде тіркелуден бұрын, іс жүргізу талаптарына сәйкестілігі тексеріледі.

Жобаның іс жүргізу талаптарына сәйкеспейтіндігі турасында ескертулер болған кезде ұйымдастыру-кадр жұмысы бөлімінің меңгерушісі жобаны тіркеуге дейін оны әзірлеушіге қайтаруға хақылы";

төртінші азат жолдағы "аппарат" деген сөз "бөлімдер" деп ауыстырылсын;

бесінші азат жолдағы "Аппарат" сөзі "Ұйымдастыру-кадр жұмысы бөлімінің меңгерушісі" деп ауыстырылсын;

2) 26 тармақтың екінші азат жолының күші жойылсын;

3) қаулы мынадай мазмұндағы жаңа 26-1 тармағымен толықтырылсын:

"26-1. Облыс әкімі аппаратының бөлімдеріндегі сараптау аяқталғаннан кейін қаулы жобасы пысықтауға қайтарылады.

Барлық визалары және материалдарымен қоса пысықталған қаулы жобасын,

әкімияттың жоспарланған кезекті мәжілісі күніне дейін бес жұмыс күні бұрын, жобаны енгізуші органның басшысы аппарат басшысына табыс етеді, ол оларды күн тәртібіне кіргізу және әкімият мәжілісін өткізу уақытын нақтылау туралы мәселені түпкілікті шешу үшін табыс етілген қаулы жобалары туралы әкімге не болмаса оның орнын ауыстырушыға баяндайды. Содан кейін барлық материалдар әкімияттың кезекті мәжілісінің күн тәртібін түзіп жасау, жобаларды көбейту үшін ұйымдастыру-кадр жұмысы бөліміне тапсырылады және дайындалған материалдар мәжіліс болардан үш күн бұрын танысуы үшін әкімият мүшелеріне беріледі.

Әкімияттың мәжілісінде қаралған қаулылардың жобалары қаулының бланкісімен қоса жобаны енгізуші мемлекеттік органның өкіліне қолын қойдыру арқылы беріледі, ол әкімияттың мәжілісінен кейін бес жұмыс күні ішінде әкімият мүшелерінің мәжілісте енгізген өзгерістерін есепке ала отырып жобаны пысықтауға, барлық визасы мен барлық тиісті материалдарын жинауға, қолданудағы заңнамаға сәйкес облыс әкімінің қолын қойдыру үшін ұйымдастыру - кадр жұмысы бөлімінің меңгерушісіне табыс етуге міндетті."

Облыс әкімі